

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 17 желтоқсандағы № 94 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 23 желтоқсанда № 37651 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері және цифрлық қаржы технологиялары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 8-тармағының жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші абзацтарын, 12-тармағының он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші абзацтарын, 13-тармағының он екінші, он үшінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы абзацтарын, 15-тармағының тоғызыншы, оныншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бұл ретте 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін:

1) Тізбенің 12-тармағының сегізінші абзацының қолданысы тоқтатыла тұрсын, осы абзац тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданыста болады деп белгіленсін:

"2. Осы Қағидаларда Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс), "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінде (бұдан әрі – Салық кодексі) және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғым пайдаланылады:";

3) Тізбенің 13-тармағының он бірінші абзацының қолданысы тоқтатыла тұрсын, осы абзац тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданыста болады деп белгіленсін:

"4. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған шоттардан қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 110-112-баптарында және "2025 қаржы жылына арналған бюджетті атқару және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 272 бұйрығында айқындалады.";

3) Тізбенің 13-тармағының он бесінші абзацының қолданысы тоқтатыла тұрсын, осы абзац тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданыста болады деп белгіленсін:

"Ақша жөнелтушінің банкі мемлекеттік кірістер органының инкассолық өкімдерін орындауды "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 122 және 123-баптарында, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кеден кодексі) 129 және 130-баптарында және Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүргізеді.";

4) Тізбенің 14-тармағының он үшінші абзацының қолданысы тоқтатыла тұрсын, осы абзац тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданыста болады деп белгіленсін:

"27. Банктің (банктік емес ұйымның) ақшасын олардың келісімінсіз алып алу, сондай-ақ банктің (банктік емес ұйымның) Ұлттық Банкте корреспонденттік шоттағы ақшаны басқаруға құқықтарын шектеу Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс), "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы кодексінде (бұдан әрі – Салық кодексі), КЖТҚҚ туралы заңда және (немесе) банк (банктік емес ұйым) мен Ұлттық Банктің арасында жасалған корреспонденттік шот шарында көзделген жағдайларда жасалады.".

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы*

Т. Сулейменов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг агенттігі
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2025 жылғы 17 желтоқсандағы
№ 94 Қаулыға
қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің, Қазақстан
Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының вексельдерді есепке алуы

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы № 396 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1015 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 21) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының вексельдерді есепке алуы қағидаларында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының вексельдерді есепке алуы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 21) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің және Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының (бұдан әрі – банктер) вексельдерді есепке алу тәртібі айқындалады."

2. "Қазақстан Республикасы банктерінің құжаттамалық аккредитивтерімен операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 199 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9948 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 20) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы банктерінің құжаттамалық аккредитивтерімен операциялар жүргізу қағидаларында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қазақстан Республикасы банктерінің құжаттамалық аккредитивтерімен операциялар жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 20) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасы банктерінің (бұдан әрі – банктер) құжаттамалық аккредитивтерімен операциялар жүргізу тәртібі айқындалады."

3. "Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың аударым және жай вексельдермен операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 261 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13071 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін: кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 22) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың аударым және жай вексельдермен операциялар жүргізу қағидаларында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың аударым және жай вексельдермен операциялар жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 22) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – банктер) аударым және жай коммерциялық вексельдермен (бұдан әрі – вексель/вексельдер) операциялар жүргізу тәртібі айқындалады."

4. "Қазақстан Республикасы банктерінің, бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіз және іркіліссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды

бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 34 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13256 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі үшінші абзацының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы банктерінің, бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіз және іркіліссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптарда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасы банктерінің, бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық жүйелерінің қауіпсіз және іркіліссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі үшінші абзацының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда электрондық банктік қызметтер көрсету қамтамасыз етілетін Қазақстан Республикасы банктерінің, бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – банктер) ақпараттық жүйелерінің қауіпсіздігіне және іркіліссіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптар айқындалады."

5. "Төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 200 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14289 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі үшінші абзацының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарда:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі үшінші абзацының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болатын төлем жүйелеріне (бұдан әрі – төлем жүйесі) қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптар айқындалады.";

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Талаптарда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ұғымдар және мынадай ұғымдар пайдаланылады:".

6. "Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 201 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14310 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 15) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) болып табылатын банкаралық ақша аударымдары жүйесінің (бұдан әрі – жүйе) жұмыс істеу тәртібі айқындалады. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

Ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Орталық) жүйенің операциялық орталығы болып табылады.";

4-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қағидаларда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң), "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:";

100-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Ұлттық Банктің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүйенің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуіне бақылау мен қадағалау жүргізуі;".

7. "Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларын, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 202 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14298 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 26) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларында, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарда:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидалары, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 26) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және

өтеу тәртібі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы электрондық ақша эмитенттеріне (бұдан әрі – эмитент) және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптар айқындалады.";

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидаларда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мына ұғымдар пайдаланылады:";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабында және Қағидаларда белгіленген талаптарды сақтау кезінде Қазақстан Республикасының бейрезидент агенттерімен жасалған шарттардың негізінде эмитент шығарған электрондық ақшаны Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде сатуға жол беріледі.";

28 және 29-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Эмитент "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 42-бабының 5-тармағында және 44-бабының 4-тармағында белгіленген электрондық ақшаның сәйкестендірілмеген иелері үшін электрондық ақшаны сатып алу сомасы, электрондық әмиянда электрондық ақшаны сақтау сомасы және электрондық әмиян арқылы пайдаланылған электрондық ақшаның жалпы сомасы бойынша шектеулердің сақталуын қамтамасыз етеді.

29. Эмитенттің "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қайшы келмейтін, өзі шығарған электрондық ақшаны пайдалана отырып жүзеге асырылатын операциялардың түрлері мен сомасына талаптар белгілеуіне жол беріледі.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Дара кәсіпкер және (немесе) заңды тұлға электрондық ақша иесінен электрондық ақшаны азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлем ретінде қабылдаған кезде эмитент оларды "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 8-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімде өтейді.";

42 және 43-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Эмитент "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес алаяқтықты анықтау, сондай-ақ болдырмау және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында электрондық ақша жүйесінде ұйымдастыру және рәсімдеу іс-шараларын қамтамасыз ету мен енгізу шараларын қабылдайды.

43. Эмитент агенттердің "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қағидаларда белгіленген талаптарды сақтауын қамтамасыз етеді."

8. "Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін: кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 30) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 30) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану тәртібі, сондай-ақ төлемдерді кодтау жүйесі айқындалады.";

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидаларда "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабында, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:";

2-қосымшада:

Төлемдер белгілеу кодтарының нақтыланған кестесінде:

"Салымдар (депозиттер)" деген 3-бөлімде:

төлемдер белгілеу коды бойынша 371-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"	371	Цифрлық активтерді сатып алу, оның ішінде цифрлық активтер қызметтері провайдерінің және цифрлық активтерге байланысты қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ерекше реттеу режиміне қаты	
---	-----	--	--

	сушының банктік шотын а ақша аудару	”;
--	--	----

"Қызметтер" деген 8-бөлімде:

төлемдер белгілеу коды бойынша 841-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"	841	842 және 843 төлемдер белгілеу кодтары бар төлемдерді қоспағанда, қаржылық қызметтер үшін төлемдер,
		оның ішінде:
		банкке, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалына немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүзеге асырғаны үшін комиссиялық сыйақы
		қаржы ұйымдарының (сактандыру ұйымдары және "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы көрсететін қызметтерді қоспағанда) делдалдық және қосалқы қызметтері
		бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына операцияларды жүзеге асырғаны үшін комиссиялық сыйақы
		ақшаны қолма-қол ақшаға айналдырғаны үшін комиссиялық сыйақы
		андеррайтинг шартына сәйкес сыйақы төлеу
		Қазақстан Республикасының

		бейрезидент-банкінде тозған валютаны айырбастағаны үшін комиссиялық сыйақы	
		қарыздарды (қаржы лизингін қоса алғанда) беруге байланысты комиссиялық сыйақы	
		қаржылық консультациялық қызметтер	”;

ескертпеде:

6-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Есептелген (есептеп шығарылған) және бюджетке төленетін өзге міндеттемелер" 911 коды Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде және Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген есепке жатқызылған (есептелген) және бюджетке төленетін өзге міндеттемелерді (өсімпұл мен айыппұлдарды қоспағанда) аудару кезінде көрсетіледі. Салықтар мен төлемдерді төлеу мерзімдері өзгерген (ұзартылған) кездегі төленетін сома бұған сәйкес келмейді."

9. "Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 204 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14346 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 19) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану қағидаларында:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 19) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану тәртібі айқындалады."

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидалар жол чектерін пайдалануға байланысты қатынастарға қолданылмайды. Көрсетілген қатынастарды "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарды ескере отырып, осындай жол чектерінің чек берушісінің банкімен және банк практикасында қолданылатын іскерлік айналым дәстүрлерімен реттеледі.";

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қағидаларда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қазақстан Республикасының аумағындағы чектер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен жазылып беріледі. Қазақстан Республикасының аумағында шетел валютасындағы чектердің айналысы "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.".

10. "Төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14299 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 23) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем карточкаларын шығару қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарда:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Төлем карточкаларын шығару қағидалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптар (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19

-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 23) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда төлем карточкаларын шығару тәртібі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптар айқындалады.";

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қағидаларда "Байланыс туралы", "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:";

3-тармақтың 24) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"24) эмитент – төлем карточкаларын шығаруды жүзеге асыратын банк, оның ішінде бас банк немесе еншілес банк, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлем карточкаларын шығаруды жүзеге асырған банктің активтері мен міндеттемелерін оған берген жағдайда иеленуші банк;"

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлем карточкасы төлем карточкасын беру туралы шарттың негізінде шығарылады

Алдын ала төленген төлем карточкасын қоспағанда, төлем карточкасы клиенттің банктік шотындағы қаражатқа қол жеткізу құралы болып табылады.";

4-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. Эмитент қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында төлем карточкасын бергенге дейін шетелдікті және азаматтығы жоқ адамды тиісті түрде тексереді, олар ұсынатын құжаттарға қойылатын талаптарды белгілейді, төлем карточкаларын шығару және пайдалану шарттарын айқындайды.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Электрондық түрде шығарылатын алдын ала төленген төлем карточкасы төлем карточкасының деректемелерінен тұрады және қосымша толықтыруға, қолма-қол ақшаны алу үшін пайдалануға жатпайды. Клиент банкке алдын ала төленген төлем карточкасын шығару кезінде алдын ала енгізген ақша сомасы шегінде төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін осындай алдын ала төленген төлем карточкасын пайдалануға рұқсат беріледі.

Карточка ұстаушыға бір транзакцияны жүргізу үшін алдын ала төленген екі және одан да көп төлем карточкасын шығаруға және пайдалануға, сондай-ақ бір ұстаушыға қатарынан үш ай ішінде алдын ала төленген бестен асатын төлем карточкасын шығаруға рұқсат берілмейді.";

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Алдын ала төленген төлем карточкаларын қоспағанда, төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалатын төлемдер және (немесе) ақша аударымдары клиенттің банктік шотындағы ақша сомасы және (немесе) эмитент ұсынған банктік қарыз сомасы шегінде жүзеге асырылады және клиенттің банктік шотында көрсетіледі.

Алдын ала төленген төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылатын төлемдер және (немесе) ақша аударымдары эмитенттің шоғырландырылған шотында көрсетіледі.

Эмитент және клиент арасында жасалған төлем карточкасын беру туралы шарттың негізінде берілген төлем карточкаларының бір немесе әртүрлі жүйелердің бірнеше төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын бір банк шотында көрсетуге жол беріледі.

Төлем карточкалары жүйесі арқылы жүзеге асырылатын төлемдер және (немесе) ақша аударымдары төлем карточкасын пайдалана отырып жасалатын операцияларға жатады.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін төлемдер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен жүзеге асырылады.

Төлем карточкасын пайдалана отырып жүргізілетін валюталық операциялар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18512 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады."

11. "Банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары бойынша төлемдер мен ақша аударымдары лимитінің мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 206 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14304 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін: кіріспе және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың осы

банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы немесе банк операцияларының жекелеген түрлерiн жүзеге асыратын ұйым және оның контрагенттерi арасында ашылған корреспонденттiк шоттары арқылы ағымдағы айда олар жүзеге асыратын корреспонденттiк шоттары бойынша төлемдер мен ақша аударымдары лимитiнiң мөлшерi банкаралық клиринг жүйесiндегi клирингтiң нәтижелерi бойынша дебеттiк таза позицияның сомасын шегере отырып, банкаралық ақша аударымдары жүйесi және банкаралық клиринг жүйесi арқылы өткен айда жүзеге асырылған банктiң, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының және банк операцияларының жекелеген түрлерiн жүзеге асыратын ұйымның жiберiлетiн қолма-қол ақшасыз төлемдерiнiң жалпы көлемiнiң бес пайызынан аспайтын көлемде бекiтiлсiн."

12. "Клиенттердiң банктiк шоттарын ашу, жүргiзу және жабу қағидаларын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкi Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысына (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 14422 болып тiркелген) мынадай өзгерiстер енгiзiлсiн:

кiрiспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкiнiң ережесiн және құрылымын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Президентiнiң 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекiтiлген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкi туралы ереженiң 19-тармағының екiншi бөлiгi екiншi абзацының 28) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкiнiң Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетiлген қаулымен бекiтiлген Клиенттердiң банктiк шоттарын ашу, жүргiзу және жабу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Клиенттердiң банктiк шоттарын ашу, жүргiзу және жабу қағидалары (бұдан әрi – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкiнiң ережесiн және құрылымын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Президентiнiң 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекiтiлген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкi туралы ереженiң 19-тармағының екiншi бөлiгi екiншi абзацының 28) тармақшасына сәйкес әзiрлендi және онда Қазақстан Республикасының банктерiнде, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерiнiң филиалдарында және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөнiндегi уәкiлеттi органның (бұдан әрi – уәкiлеттi орган) лицензиясы негiзiнде, сондай-ақ осындай ұйымның қызметiн реттейтiн Қазақстан Республикасының заңында көрсетiлген операцияларды лицензиясыз жүзеге асыру мүмкiндiгi көзделген жағдайда, жеке және заңды тұлғалардың банктiк шоттарын ашуды және жүргiзудi жүзеге асыратын ұйымдарда (бұдан әрi – банктер) клиенттердiң банктiк шоттарын ашу, жүргiзу және жабу тәртiбi айқындалады."

2-тармақтың бiрiншi абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидаларда Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс), Қазақстан Республикасының Салық кодексінде (бұдан әрі – Салық кодексі) және "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғым пайдаланылады:";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Банк клиентке банктік шотты "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – КЖТҚК туралы заң) 5-бабына сәйкес клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру бойынша шараларды қабылдағаннан кейін, сондай-ақ Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20160 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 22 наурыздағы № 18 қаулысымен бекітілген Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары мен Ұлттық пошта операторы үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды ескере отырып ашады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша банктік қызмет көрсету шартын банктің ішкі құжаттарында көзделген қауіпсіздік рәсімдерін қолдана отырып, электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе динамикалық сәйкестендіруді пайдалана отырып, сондай-ақ Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20160 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 22 наурыздағы № 18 қаулысымен бекітілген Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары мен Ұлттық пошта операторы үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды ескере отырып, электрондық түрде жасалады.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Салық кодексінің 55-бабы 2-тармағының 1), 4), 7), 9), 15), 17) және 19) тармақшаларында көзделген талаптарды орындау мақсатында банк Салық кодексінің 55-бабының 5-тармағына сәйкес бюджетке салықтардың және төлемдердің түсуін камтамасыз етуді, Қазақстан Республикасында кедендік реттеуді, Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның жүргізуіне жатқызылған, қылмыстық

және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі – мемлекеттік кірістер органы) өз құзыретінің шегінде ұсынатын салық төлеушілер туралы ақпаратты пайдаланады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Банк клиентке банктік шотты ашу кезінде мемлекеттік кірістер органдарына Салық кодексінің 55-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған тәртіпте, жағдайларда және мерзімде хабарлайды.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Банк Салық кодексінің 55-бабы 2-тармағының 19) тармақшасында, КЖТҚК туралы заңның 13-бабының 1-тармағында, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 27-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша, Қағидаларда көзделген құжаттар ұсынылмаған не клиент пен банк арасында мәміле жасалмаған жағдайларда, банктік шоттарды ашудан бас тартады.";

60 және 61-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Банк өзіне басқа банк берген клиенттердің банктік шоттарын жүргізген кезде "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 60-1, 61-2, 61-11 және 61-12-баптарында көзделген жағдайларда банк көрсетілген банктік шоттарға жаңа жеке сәйкестендіру кодтарын береді және Салық кодексінің 55-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған тәртіппен салық органдарына хабарлайды.

61. Банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру немесе банктік шоттағы ақшаға тыйым салу Азаматтық кодекстің 740-бабына, "Қазақстан Республикасындағы кедендік бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 125-бабына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 161-бабына, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 156-бабына, Салық кодексінің 86-бабына, Банктер және банк қызметі туралы заңның 51-бабына, КЖТҚК туралы заңның 13-бабына, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32, 62, 123-баптарына, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 27-бабының 11-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтату тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері немесе клиенттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілері негізінде жүзеге асырылады.";

77-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"77. Клиенттің банктік шотын жабу кезінде банк Салық кодексінің 55-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған тәртіппен, жағдайларда және мерзімде мемлекеттік кірістер органдарына хабарлайды.".

13. "Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 36) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларында:

1-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 36) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда банктердің (оның ішінде делдал банктердің), Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – банктер) Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібі, төлем құжаттарын ресімдеу нысандары мен тәртібі айқындалады, сондай-ақ банктердің, банктердің төлем агенттері мен қосалқы төлем агенттерінің және төлем ұйымдарының төлем қызметтерін көрсеткенін растайтын құжаттың мазмұнына қойылатын талаптар белгіленеді.

Осы Қағидалар "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – КЖТҚҚ туралы заң) белгіленген талаптар ескеріле отырып, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде бастама жасалған, банк практикасында қолданылатын шарттарда және іскерлік айналым дәстүрлерінде реттелетін халықаралық қолма-қол ақшасыз төлемдер мен ақша аударымдарына байланысты қатынастарға қолданылмайды.";

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қағидаларда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) 1-бабында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған шоттардан қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 110-112-баптарында және "Бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдерін, қазынашылық есепке алу және мониторинг рәсімдер бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 328 бұйрығында айқындалады.";

56-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік кірістер органының инкассолық өкімдері Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда телекоммуникациялар желісі арқылы беру жолымен ұсынылады. Мемлекеттік кірістер органының инкассолық өкімдері осы өндіріп алудың негізділігін растайтын құжаттарды берусіз ұсынылады. Электрондық нысанда ұсынылған инкассалық өкімде осы Қағидаларда белгіленген міндетті деректемелер қамтылады.";

61-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақша жөнелтушінің банкі мемлекеттік кірістер органының инкассолық өкімдерін Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 185 және 186-баптарында, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кеден кодексі) 129 және 130-баптарында және Қағидаларда белгіленген тәртіппен орындайды.";

72-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Инкассолық өкімді белгіленбеген мерзімде орындауды, сондай-ақ Салық кодексінің 55-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, инкассолық өкімдер олар ұсынылған күннен кейінгі үш операциялық күннен кешіктірмей орындалады.";

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. Салық кодексінің 185 және 186-баптарында, Кеден кодексінің 129 және 130-баптарында, Әлеуметтік кодекстің 256-бабында, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң) 36-бабында, Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 58-бабында, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабында, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда және (немесе) банктік шот шартында көзделген жағдайларда банк ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақшаны есептен шығаруды банк орындау үшін қабылдаған төлем құжаты не ақша жөнелтушінің келісімінсіз орындалатын төлем құжаты негізінде жүргізеді.";

79-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"79. Банктің төлем тапсырмасын, төлем талабын, төлем ордерін, ақша аудару үшін берілген өтінішті және төлем хабарламасын орындаудан бас тарту себебін көрсете отырып, нұсқауды алған күні операциялық күн ішінде Салық кодексінің 55-бабында, Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 19-бабының 8-тармағында, КЖТҚҚ туралы заңның 13-бабында, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 46-бабында және Қағидаларда көзделген негіздер бойынша бас тартады.";

90-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қаржылық мониторингті жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша өзге де шараларды қабылдайтын мемлекеттік органның күмәнді операцияларды жүргізуді тоқтата тұру туралы шешімі;"

145-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктер көрсетілген шешімдерді, анықтамаларды, өкімдерді (өтініштерді) Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 241-бабының, Салық кодексінің 185-бабының, Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 58, 59 және 62-баптарының талаптарына сәйкес келген кезде орындауға қабылдайды.";

161-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"161. Банктің Қағидалардың 154-тармағында көзделген төлем құжаттарын сақтауы Салық кодексінің 55-бабына, Әлеуметтік кодекстің 246 және 248-баптарына сәйкес жүргізілетін азаматтық-құқықтық мәміле бойынша ақы төлеудің немесе міндетті төлемдердің талаптарына сәйкес төлем бойынша міндеттемелерді орындау болып табылмайды.";

171-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"171. Ақша жөнелтушінің банктік шотындағы ақшаға клиенттің ақшасына тыйым салу құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, сот орындаушыларының немесе әділет органдарының тиісті шешімдерінің негізінде тыйым салу, банктік шоттардағы ақшаға (мүлікке) иелік етуге уақытша шектеу қою, сондай-ақ банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың тиісті шешімдері негізінде ақша жөнелтушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру Азаматтық кодекстің 740-бабында, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 161-бабында, Салық кодексінің 86-бабында, Кеден кодексінің 125-бабында, Банктер және банк қызметі туралы заңның 51-бабында және Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 62, 123-баптарында көзделген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылады.".

14. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының

жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 209 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14336 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 31) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 31) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде (бұдан әрі – Ұлттық Банк) банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – банктік емес ұйымдар) ұлттық және шетел валютасында корреспонденттік шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі айқындалады .";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қағидаларда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 128 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21593 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік идентификациялау кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы, Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы нұсқаулықта (бұдан әрі – Нұсқаулық) көзделген ұғымдар пайдаланылады.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Корреспондент "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – КЖТҚҚ туралы заң) клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті тексеру бойынша шаралар қабылдағаннан кейін респондентке корреспонденттік шотты ашады.

Корреспонденттік шоттар ашу кезінде Қағидаларда көзделген құжаттардан басқа Ұлттық Банктің КЖТҚҚ туралы заңға сәйкес банктен, банктік емес ұйымнан қосымша құжаттар алуына болады.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Банктің (банктік емес ұйымның) ақшасын олардың келісімінсіз алып алу, сондай-ақ банктің (банктік емес ұйымның) Ұлттық Банкте корреспонденттік шоттағы ақшаны басқаруға құқықтарын шектеу Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс), Қазақстан Республикасының Салық кодексінде (бұдан әрі – Салық кодексі), КЖТҚҚ туралы заңда және (немесе) банк (банктік емес ұйым) және Ұлттық Банк арасында жасалған корреспонденттік шот шартында көзделген жағдайларда жасалады.".

15. "Банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері, банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату, сондай-ақ банктердің "Астана" халықаралық қаржы орталығына қатысушы банктермен корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 210 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14335 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 32) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері, банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген

түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату, сондай-ақ банктердің "Астана" халықаралық қаржы орталығына қатысушы банктермен корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларында:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері, банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату, сондай-ақ банктердің "Астана" халықаралық қаржы орталығына қатысушы банктермен корреспонденттік қатынастар орнату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 32) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін (бұдан әрі – Ұлттық Банк) және Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерін қоспағанда, банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері, банктерінің филиалдары (бұдан әрі – банктер) және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – банктік емес ұйымдар) арасында корреспонденттік қатынастар орнату, сондай-ақ банктер мен "Астана" халықаралық қаржы орталығына (бұдан әрі – АХҚО) қатысушы банктер арасында корреспонденттік қатынастар орнату тәртібі айқындалады.";

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидаларда "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – КЖТҚҚ туралы заң), "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:";

11-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) егер Қазақстан Республикасының Салық кодексінде, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда және (немесе) корреспонденттік шот шартында өзгеше көзделмесе, респонденттің жазбаша өтініші бойынша кез келген уақытта;".

16. "Банкаралық клиринг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 211 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14333 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19

-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 16) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Банкаралық клиринг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Банкаралық клиринг жүйесінің жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 16) тармақшасына сәйкес әзірленді және операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) болып табылатын банкаралық клиринг жүйесінің (бұдан әрі – жүйе) жұмыс істеу тәртібі айқындалады. Жүйенің операциялық орталығы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Орталық) болып табылады.";

3-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қағидаларда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң), "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ұғымдар және мынадай ұғымдар пайдаланылады:";

53-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң) сәйкес Ұлттық Банктің жүйенің ұйымдастырылуына және жұмыс істеуіне бақылау мен қадағалауды жүргізуі;".

17. Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 212 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14337 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 37) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларында:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 37) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – банктер) электрондық банктік қызметтерді көрсету тәртібі айқындалады.";

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидаларда "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң), "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы", "Ақпараттандыру туралы", "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру схемаларында электрондық банктік қызметтерді көрсетудің қолданыстағы немесе енгізілетін тәсілдері мен технологияларын пайдалануды болдырмау рәсімдерін әзірлеп, бекітеді және олар бойынша шаралар қабылдайды.

Банк электрондық банктік қызметтерді көрсету кезінде "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – КЖТҚҚ туралы заң) көзделген қажет шараларды қолданады, сондай-ақ валюталық бақылау агентінің функцияларын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.";

31-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Банктер және банк қызметі туралы, Төлемдер және төлем жүйелері туралы, КЖТҚҚ туралы заңдарда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлім) және шартта көзделген өзге де негіздер бойынша клиентке электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұрады немесе тоқтатады.".

18. "Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 213 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14339 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 38) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Нысандарын, тізбесін, кезеңділігін және ұсыну мерзімдерін қоса алғанда, ұсыну тәртібі айқындалатын осы Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 38) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қағидаларда "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы", "Ақпараттандыру туралы", "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарында, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14299 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысымен бекітілген Төлем карточкаларын шығару қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарда көзделген ұғымдар, сондай-ақ мына ұғымдар пайдаланылады:";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бағытында қабылданған шаралар бойынша мәлімет" нысанын жартыжылдық негізде есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары ұсынады.";

мынадай мазмұндағы 26-тармақпен толықтырылсын:

"26. Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған " Клиенттерге берілген тәуекел деңгейі бойынша мәліметтер" нысанын жартыжылдық негізде есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары ұсынады.";

8-қосымша осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

9-қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

10-қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

11-қосымша осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

12-қосымша осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

15-қосымша осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

16-қосымша осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын."

осы Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес редакцияда 20-қосымшамен толықтырылсын.

19. "Жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесі операторының немесе операциялық орталығының төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша мәліметтер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 214 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14334 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 35) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесі операторының немесе операциялық орталығының төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша мәліметтер беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жүйелік маңызы бар немесе маңызды төлем жүйесі операторының немесе операциялық орталығының төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша мәліметтер беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 35) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қағидаларда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген) көзделген ұғымдар, белгілер мен кодтар пайдаланылады."

20. "Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 215 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14347 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 33) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларында:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 33) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру тәртібі айқындалады."

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидаларда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) көзделген ұғымдар және мынадай ұғымдар пайдаланылады:";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Ұлттық Банк төлем ұйымының өтінішін қарайды және Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабының 2-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде ол бойынша шешім қабылдайды.";

мынадай мазмұндағы 10-1 тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Төлем ұйымының өтініші алғаш рет түскен кезде Ұлттық Банк төлем ұйымы басшыларының, құрылтайшылары мен бенефициарлық меншік иелерінің олардың

әрекеттері қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға ықпал еткен үшінші тұлғалармен қарым-қатынасының бар-жоғы (үшінші тұлғалардың бақылауы мен ықпалы) туралы сұратуды қаржылық мониторингті жүзеге асыратын уәкілетті органға жібереді.

Алынған ақпараттың нәтижесі бойынша Ұлттық Банк төлем ұйымын есептік тіркеуге қоюға арналған құжаттарды қарауды жалғастыру не төлем ұйымын есептік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

17-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Ұлттық Банк төлем ұйымын есептік тіркеу туралы шешім қабылдаған кезде Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабының 2-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде:";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Ұлттық Банк төлем ұйымын есептік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабының 2-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін көрсете отырып, төлем ұйымына есептік тіркеуден дәлелді бас тартуды жібереді.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Ұлттық Банк төлем ұйымын тізілімнен алып тастаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Ұлттық Банк төлем ұйымын электрондық пошта мекенжайы бойынша электрондық нысанда жазбаша хабардар етеді және бұл туралы ақпаратты Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында жариялайды.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Төлем ұйымы Қағидалардың 3-тармағының 1) және 4) тармақшаларында көзделген төлем қызметін көрсеткен кезде төлем қызметін көрсету фактісін растайтын құжатта мынадай деректемелер қамтылады:

- 1) құжаттың нөмірі, оның жазылған күні, айы, жылы;
- 2) төлем ұйымының атауы;
- 3) операция сомасы;
- 4) операция валютасы;
- 5) комиссиялық сыйақы сомасы;
- 6) төлемнің мақсаты;
- 7) көрсетілетін қызметті жеткізушінің атауы;
- 8) көрсетілетін төлем қызметін берушінің (төлем делдалы), оның ішінде операцияға қатысатын шетелдіктің атауы;

9) сауда нүктесі санатының коды (Merchant Category Code) (Қағидалардың 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген төлем қызметін көрсеткен жағдайда);

10) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес (Қағидалардың 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген төлем қызметі көрсетілген жағдайда) төлем ұйымы төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру үшін не осы төлемдер бойынша ақша қабылдау үшін ақпарат ұсынатын банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атауы не банктік идентификациялау коды.

Атауларды көрсету кезінде әртүрлі түсіндіруді тудыратын қысқартуларды, сауда белгілерін, аббревиатуралар мен кодтарды пайдалануға рұқсат етілмейді.

Төлем ұйымына төлем қызметін көрсету фактісін растайтын құжатқа көрсетілген төлем қызметі бойынша қосымша деректемелерді қоюына рұқсат етіледі.";

мынадай мазмұндағы 7-тараумен толықтырылсын:

"7-тарау. "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры" ақпараттық жүйесінде төлем ұйымын есептік тіркеу бойынша мәліметтерді жаңарту тәртібі

50. "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры" ақпараттық жүйесінде төлем ұйымын есептік тіркеу бойынша мәліметтерді жаңарту мынадай жағдайларда:

1) төлем ұйымының атауы өзгерген кезде;

2) көрсетілетін төлем қызметтерінің тізбесіне қосымша төлем қызметі енгізілген кезде;

3) көрсетілетін төлем қызметтерінің тізбесінен жекелеген төлем қызметі алып тасталған кезде жүзеге асырылады.

51. Есептік тіркеу бойынша мәліметтерді жаңарту қажеттілігі туындаған кезде төлем ұйымы Ұлттық Банктің кеңсесі арқылы электрондық нысанда өтініш жасайды.

52. Ұлттық Банк "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры" ақпараттық жүйесінде төлем ұйымын есептік тіркеу бойынша мәліметтерге тиісті өзгерістер енгізеді.

53. Төлем ұйымы төлем ұйымдарының тізілімінен алып тасталған жағдайда, Ұлттық Банк "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры" ақпараттық жүйесінде есептік тіркеудің қолданысын тоқтату туралы тиісті жазба енгізеді.";

1-қосымшада:

4 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 2-тармағына сәйкес ұсынылатын құжаттар тізбесі:

1) _____;

2) _____;

3) _____";

5-тармақта:

"Өзге ақпарат" бөлімінің екінші жолы мынадай редакцияда жазылсын:

--	--	--	--

"	Егер қаржы ұйымын тарауға және (немесе) қаржы нарығында қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алынған, қаржы ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы шешім қабылданғанға дейін не қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіпшен оны банкрот деп тану туралы соттың шешімі заңды күшіне енгенге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болып табылған жағдайда	Иә/жоқ (егер иә болса, онда ұйымның атауы, лауазымы, қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алынған қаржы ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы шешімнің не қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіпшен оны банкрот деп тану туралы соттың шешімі заңды күшіне енген сот шешімінің деректемелері көрсетіледі)	"
---	--	---	---

2-қосымшада "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдарының тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызмет көрсетудің негізгі талаптары тізбесінің 3-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"	3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Өтініш және құжаттардың толық тізбесі тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде.	"
---	----	------------------------------------	---	---

3-қосымша осы Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымшада "Төлем ұйымдарын ерікті түрде қайта ұйымдастыруды (біріктіруді, қосуды, бөлуді, бөліп шығаруды, қайта құруды) жүргізуге келісім беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің негізгі талаптары тізбесінің 3-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"	3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Шешім және құжаттардың толық тізбесі тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде.	"
---	----	------------------------------------	--	---

21. "Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 216 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14292 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 24) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 24) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялар бойынша банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібі айқындалады.";

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидаларда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14299 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысымен бекітілген Төлем карточкаларын шығару қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарда көзделген ұғымдар, сондай-ақ мына ұғымдар пайдаланылады:".

22. "Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 217 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14306 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271

Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 18) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 18) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің (бұдан әрі – жүйе) жұмыс істеу тәртібі айқындалды.";

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидаларда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14299 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысымен бекітілген Төлем карточкаларын шығару қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарда көзделген ұғымдар, сондай-ақ мына ұғымдар пайдаланылады:".

23. "Операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі не оның еншілес ұйымы болып табылатын төлем жүйелерінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 218 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14307 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 17) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі не оның еншілес ұйымы болып табылатын төлем жүйелерінің жұмыс істеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі не оның еншілес ұйымы болып табылатын төлем жүйелерінің жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі –

Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 17) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) немесе оның еншілес ұйымы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Орталық) операторы болып табылатын төлем жүйелерінің жұмыс істеу тәртібі айқындалады.";

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қағидаларда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) көзделген ұғымдар және мынадай ұғымдар пайдаланылады:";

28-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Ұлттық Банктің "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлем жүйесінің ұйымдастырылуына және жұмыс істеуіне бақылауды және қадағалауды жүргізуі;".

24. "Банктік шоттың бар екендігі және нөмірі туралы анықтаманы және банктік шот бойынша ақша қалдығы мен қозғалысы туралы үзінді-көшірмені ресімдеуге және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 219 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14340 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19 -тармағының екінші бөлігі үшінші абзацының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:".

25. "Көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 220 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14295 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19 -тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 39) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілердің тізілімін жүргізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілердің тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 39) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда төлем қызметтерінің маңызды жеткізушілерінің тізілімін жүргізу тәртібі айқындалады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қағидаларда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы Заң) көзделген ұғымдар пайдаланылады. Көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілерді айқындаудың өлшемшарттары мен тәсілдері Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 11-бабында айқындалады."

26. "Төлем жүйелерінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 221 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14297 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 40) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем жүйелерінің тізілімін жүргізу қағидаларында:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы төлем жүйелерінің тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 40) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда төлем жүйелерінің тізілімін жүргізу тәртібі айқындалады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қағидаларда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы Заң) және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14347 болып

тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 215 қаулысымен бекітілген Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларында көзделген ұғымдар пайдаланылады."

27. "Маңызды төлем жүйелері өлшемшарттарының көрсеткіштерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 222 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14303 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:".

28. "Көрсетілетін төлем қызметтерін берушіні көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілерге жатқызатын көрсеткіштерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 223 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14293 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:".

29. "Банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылмайтын төлем жүйелерінің операторларына, төлем жүйелерінің операциялық орталықтарына және көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерге қатысты шектеулі ықпал ету шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 181 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17474 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылмайтын төлем жүйелерінің операторларына, төлем жүйелерінің операциялық орталықтарына және көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерге қатысты шектеулі ықпал ету шараларын қолдану қағидаларында:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылмайтын төлем жүйелерінің операторларына, төлем жүйелерінің операциялық орталықтарына және көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерге қатысты шектеулі ықпал ету шараларын қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылмайтын төлем жүйелерінің операторларына, төлем жүйелерінің операциялық орталықтарына және көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерге (бұдан әрі – көрсетілетін төлем қызметтері нарығының банктік емес субъектілері) қатысты шектеулі ықпал ету шараларын қолдану тәртібі айқындалады.";

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тәуекел деңгейі.

Тәуекел деп көрсетілетін төлем қызметтері нарығының банктік емес субъектісінің өз қызметін жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, сондай-ақ төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасында белгіленген талаптарды орындамауы және (немесе) толық орындамауы, сондай-ақ көрсетілетін төлем қызметтері нарығының банктік емес субъектісінің төлем жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша не төлем қызметтерін көрсету бойынша өзінің міндеттемелерін орындау қабілетінің нашарлауы нәтижесінде азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін бұзу, қоғамның мүдделеріне және мемлекетке залал келтіру түрінде жағымсыз салдардың туындау ықтималдығы түсініледі;"

12-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) анықталған Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, сондай-ақ төлемдер және

төлем жүйелері туралы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылықтарды, оларды жасауға ықпал еткен себептерді және (немесе) жағдайларды жою жөніндегі;

3) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, сондай-ақ төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасында белгіленген төлем қызметтері нарығының банктік емес субъектісіне қойылатын талаптарды орындау жөніндегі шараларды білдіреді.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Ұлттық Банк бұзушылықтарды және (немесе) оларды жасауға ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жою көрсетілетін төлем қызметтері нарығының банктік емес субъектісінің тарапынан шаралар қабылдаумен объективті түрде мүмкін болатын көрсетілетін төлем қызметтері нарығының банктік емес субъектісінің қызметінен Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, сондай-ақ төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылықтары анықталған жағдайларда іс-шаралар жоспарын ұсынуды талап етеді."

30. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ерекше реттеу режимін енгізуі және оның күшін жоюы, ерекше реттеу режимі шеңберінде цифрлық активтермен және (немесе) көрсетілетін төлем қызметтерімен байланысты қызметті жүзеге асыру қағидаларын, Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құжаттарды іріктеуі өлшемшарттарын және оларды қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 11 қарашадағы № 178 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19608 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы Ереженің 19-тармағы екінші абзацының 49) тармақшасына және екінші бөлігінің 16-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ерекше реттеу режимін енгізуі және оның күшін жоюы, ерекше реттеу режимі шеңберінде цифрлық активтермен және (немесе) көрсетілетін төлем қызметтерімен байланысты

қызметті жүзеге асыру қағидаларын, Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құжаттарды іріктеуі өлшемшарттарын және оларды қарау қағидаларында:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ерекше реттеу режимін енгізуі және оның күшін жоюы, ерекше реттеу режимі шеңберінде цифрлық активтермен және (немесе) көрсетілетін төлем қызметтерімен байланысты қызметті жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 49) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) ерекше реттеу режимін енгізуі және оның күшін жоюы, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, қаржы ұйымдары болып табылмайтын төлем ұйымдарының және (немесе) өзге заңды тұлғалардың (бұдан әрі – қатысушылар) ерекше реттеу режимі шеңберінде цифрлық активтермен және (немесе) көрсетілетін төлем қызметтерімен байланысты қызметті жүзеге асыру тәртібі айқындалады.

2. Ерекше реттеу режимі "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 51-4-бабының 2-тармағында көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін енгізіледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асырудың, цифрлық активтермен және (немесе) көрсетілетін төлем қызметтерімен байланысты арнайы талаптарын (бұдан әрі – көрсетілетін төлем қызметін және (немесе) цифрлық активтермен және (немесе) көрсетілетін төлем қызметтерімен байланысты қызметті көрсету (жүзеге асыру), шарттың қолданылу мерзімін, тұтынушылар санын, міндеттемелер көлемін "Төлемдер және төлем жүйелері туралы", "Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Бағалы қағаздар рыногы туралы", "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының заңдары және көрсетілген заңдарға сәйкес қабылданатын Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілері нормаларының ерекше реттеу режиміне қатысушыларға қолданылу шектерін Ұлттық Банк айқындайды."

31. "Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік идентификациялау кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген

түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы, Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 128 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21593 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 22) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік идентификациялау кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы, Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік идентификациялау кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы, банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 22) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) банктік идентификациялау кодтарын беруін, пайдалануын және жоюын, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың

кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беруін және жоюын, олардың құрылымын, банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын (бұдан әрі – Банктер анықтамалығы) қалыптастыру және жүргізу нақтыланады.

2. Нұсқаулықта "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) банк атауы – банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі – банк), Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының, банк филиалының толық атауы. Банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының құрылтай құжаттарына сәйкес қысқартылған атауды пайдалануға жол беріледі;

2) банк коды, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының коды – Ұлттық Банк банктерге, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдарына, банктердің филиалдарына беретін, үш цифрлық разрядтан тұратын бірегей нөмір;

3) банктердің анықтамалығы – банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының жүйеге келтірілген, олардың банктік сәйкестендіру кодтары, банктердің кодтары, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, банктер филиалдарының кодтары және басқа деректемелері бар тізбесі;

4) банктік сәйкестендіру коды – ақша аудару не төлеу туралы нұсқауларды ұсыну кезінде, Ұлттық Банктің төлем жүйесінің қатысушысы болып табылатын банкті, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалын сәйкестендіруге арналған символдар қатары;

5) жеке сәйкестендіру коды – Ұлттық Банкте ашылған Қазақстан Республикасы банкінің, бейрезидент банкі филиалының корреспонденттік шотының тиісті нөмірі;

6) клиент түрі – жүзеге асырылатын қызметтің негізгі түріне сәйкес топтастырылатын институционалдық бірлік;

7) мәртебе – қазіргі мәртебесін айқындауға мүмкіндік беретін деректеме.";

4-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы банкінің, бейрезидент банкі филиалының банктік сәйкестендіру кодының және банк филиалы кодының күшін жою.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Ұлттық Банк банктің филиалы кодының күшін жояды және оны банктің жазбаша хабарламасы негізінде Банктердің анықтамалығынан алып тастайды.".

32. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем ұйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 28 ақпандағы № 11 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27075 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі үшінші абзацының 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем ұйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем ұйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі үшінші абзацының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді және төлем ұйымдарына (бұдан әрі – ұйымдар) қолданылады.";

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ұйымның "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ туралы заң) талаптарын орындауын қамтамасыз ету;";

4-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұйым Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ) туралы заңнамасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен

бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ішкі бақылау қағидаларын Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ туралы заңнамаға енгізілген өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға сәйкес келтіреді.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасына сәйкес КЖ/ТҚҚ бойынша жауапты қызметкер мен бөлімше қызметкерлерінің функциялары КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ мақсаттарында мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) әзірленген және ұйымның атқарушы органымен келісілген ішкі бақылау қағидаларының және (немесе) оларға өзгерістердің (толықтырулардың) болуын, сондай-ақ ұйымда олардың сақталуына мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банк заңнамасы, Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар рыногы туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы, ойын бизнесі туралы, коммерциялық емес ұйымдар туралы, діни қызмет және діни бірлестіктер туралы, цифрлық активтер туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) төлем ұйымын құқыққа қарсы қызметке, оның ішінде КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ, есірткінің заңсыз өндірілуіне, айналымына және (немесе) транзитіне, қаржы пирамидаларының қызметін ұйымдастыруға, электрондық казино мен интернет-казино, шетелдік букмекерлік кеңселер және (немесе) Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиясы жоқ тотализаторлар пайдасына төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға байланысты тартпауды қамтамасыз ету;

4) клиенттердің операцияларын және (немесе) олардың қызметін күдікті деп тану және қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға ұйымның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен клиенттің операциялары мен қызметі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер мен ақпаратты ұсыну туралы шешімдер қабылдау;

5) Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ туралы заңнамаға сәйкес қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға хабарламалар ұсынуды ұйымдастыру және олардың ұсынылуына бақылау жасау;

6) клиенттерге және өзге тұлғаларға хабарламай-ақ қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға КЖ/ТҚҚ туралы заңға сәйкес клиенттер туралы және олар жасайтын операциялар туралы ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды беруді қамтамасыз ету;

7) клиенттердің операцияларын және (немесе) олардың қызметін күдікті деп тану және қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға ұйымның ішкі құжаттарында

көзделген тәртіппен клиенттің операциялары мен қызметі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер мен ақпаратты ұсыну туралы шешімдер қабылдау;

8) КЖ/ТҚҚ туралы заңда көзделген жағдайларда және ұйымның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен клиенттердің операцияларын жүргізуден бас тарту туралы шешімдер қабылдау не ұйымның уәкілетті органымен немесе лауазымды адамымен келісу;

9) КЖ/ТҚҚ туралы заңда және (немесе) ұйымның ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен клиенттермен іскерлік қатынастарды орнату, жалғастыру не тоқтату туралы шешім қабылдау үшін ұйымның атқарушы органына сұратулар жіберу;

10) ұйымның уәкілетті органдарын және лауазымды адамдарын анықталған ішкі бақылау қағидаларын бұзушылықтар туралы ұйымның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен хабардар ету;

11) ұйымның уәкілетті органдарының есептерді қалыптастыруы үшін КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ мақсатында ішкі бақылау қағидаларын іске асыру нәтижелері және тәуекелдері басқару және ішкі бақылау жүйелерін жақсарту жөніндегі ұсынылып отырған шаралар туралы ақпаратты дайындау және ұйымның атқарушы органымен келісу;

12) ұйым КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасын орындау мақсатында айқындаған КЖ/ТҚҚ бөлімшесінің жауапты қызметкері мен қызметкерлерінің қосымша функциялары (бар болса) кіреді.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Ұйым КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ мақсатында ішкі бақылау мәселелері бойынша процестерді автоматтандыру үшін мынадай талаптарға сәйкес келетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді пайдаланады:

1) оларға енгізілетін өзгерістерді (толықтыруларды) қоса алғанда, клиенттердің досьелерін (сауалнамаларын) жүргізу мүмкіндігі;

2) КЖ/ТҚҚ туралы заңның 4-бабына сәйкес қаржылық мониторингке жататын және КЖ/ТҚҚ туралы заңда белгіленген шекті сомаға (бұдан әрі – шекті операция) тең немесе одан асатын ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен шекті операцияларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ заңнамасының талаптарын, сондай-ақ ұйымның көрсетілетін қызметтерінің КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін бағалау нәтижелерін ескере отырып, алдын ала белгіленген өлшемшарттар бойынша күдікті операцияларды анықтау;

3) ұйымның ішкі рәсімдеріне сәйкес, оның ішінде қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың), терроризмді қаржыландырудың және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырудың типологияларына, схемалары мен тәсілдеріне сәйкес сипаттамаларды ескере отырып, мыналарға:

КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ-ға;

есірткінің заңсыз өндірілуіне, айналымына және (немесе) транзитіне;

қаржы пирамидаларының қызметін ұйымдастыруға;

қызметі цифрлық активтермен байланысты "Астана" халықаралық қаржы орталығының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ерекше реттеу режимінің қатысушылары болып табылмайтын цифрлық активтер қызметтерін провайдерлердің пайдасына төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруға;

Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиясы жоқ электрондық казино мен интернет-казиноның, сондай-ақ шетелдік букмекерлік кеңселердің және (немесе) тотализаторлардың пайдасына төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға;

адамдардың жас санаттарының тәуекелдеріне;

сыбайлас жемқорлыққа;

қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті орган жасайтын ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын не жеткіліксіз орындайтын мемлекеттердің (аумақтардың) операцияларына;

Ұйымның ішкі құжаттарымен бекітілген өзге де өлшемшарттарға байланысты анықтауды қамтамасыз ету және шаралар қабылдау;

4) клиенттердің досьелері (сауалнамалары), жүргізілген операциялар, қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға жіберілген хабарламалар бойынша дерекқордан ақпаратты алып тастау мүмкіндігінің болмауы;

5) ақпараттың резервтік көшірмесін жасау және сақтау жүйесінің болуы;

6) әрбір пайдаланушы жұмысының түрлендіруден қорғалған хаттамасын жүргізу.";

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Ұйым КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ тәуекелдерін бағалау есебін және кем дегенде тәуекелдердің мынадай ерекше санаттарын: клиенттердің типі бойынша тәуекелді, елдік (географиялық) тәуекелді, көрсетілетін қызметтің (өнімнің) және (немесе) оны беру тәсілінің тәуекелін ескере отырып, ұйымның көрсетілетін қызметтерінің (өнімдерінің) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін жыл сайынғы негізде бағалауды (бұдан әрі – Жыл сайынғы бағалау) жүзеге асырады.

Ұйымның көрсетілетін қызметтерінің (өнімдерінің) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ тәуекелдеріне ұшырағыштық дәрежесін бағалау клиенттердің операцияларын сәйкестендіру және оларға мониторинг жүргізу рәсімдерін өзгертуді, операциялар жүргізуге лимиттер белгілеуді, көрсетілетін қызметтерді (өнімдерді) ұсыну талаптарын өзгертуді, көрсететін қызметтерді (өнімдерді) ұсынадан бас тартуды қоса алғанда, анықталған тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған ықтимал іс-шараларды сипаттаумен қатар жүреді.

Ұйым іскерлік қатынастарды клиент КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ шеңберінде, сондай-ақ мәртебесі және (немесе) қызметі КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ тәуекелі жоғары клиенттерге қатысты пайдаланады деген күдік болған жағдайда тәуекелді бағалауды жүзеге асырады.

Жыл сайынғы бағалау қорытындылары (нәтижелері) төлем ұйымының ішкі құжаттарына және рәсімдеріне сәйкес құжатталады, сондай-ақ бұл туралы қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға және уәкілетті органға күнтізбелік жылдан кейінгі бірінші тоқсаннан кешіктірілмей хабардар етіледі.

15. Мәртебесінде және (немесе) қызметінде КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ тәуекел деңгейін арттыратын клиенттердің түрлері:

- 1) шетелдіктер;
- 2) жария лауазымды адамдар, олардың жұбайы (зайыбы), жақын туыстары және өкілдері;
- 3) шетелдік қаржы ұйымдары;
- 4) ойын бизнесін ұйымдастырушылар;
- 5) электрондық казино және интернет-казино қызметтерін ұсынатын тұлғалар;
- 6) соңғы 6 (алты) айдың ішінде жалпы сомасы 300 000 (үш жүз мың) теңгеден астам сомаға ойын бизнесін, оның ішінде шетелдік ойын бизнесін ұйымдастырушының пайдасына үш және одан да көп төлем жасаған тұлғалар;
- 7) Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиясы жоқ шетелдік букмекерлік кеңселер мен тотализаторларға қызмет көрсететін тұлғалар;
- 8) "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері (банк белгілеген КЖ/ТҚҚ бойынша талаптарды сақтайтын банктің еншілес ұйымдарын қоспағанда);
- 9) қызметін сақтандыру агенті ретінде жүзеге асыратын тұлғалар;
- 10) жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату бойынша делдалдық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар;
- 11) қорлар, діни бірлестіктер ұйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйымдар;
- 12) Талаптардың 16-тармағында көрсетілген шет мемлекеттерде орналасқан (тіркелген) тұлғалар, сондай-ақ осындай тұлғалардың Қазақстан Республикасында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері;
- 13) мәртебесі және (немесе) қызметі КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ тәуекелін арттыратын ұйым айқындаған клиенттердің қосымша түрлері (бар болса);
- 14) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;
- 15) адвокаттар және басқа да заң мәселелері жөніндегі тәуелсіз мамандар, олар клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша КЖ/ТҚҚ туралы заңның 3-бабы 1

-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген қызметке қатысты ақшамен және (немесе) мүлікпен жасалатын операцияларға қатысқан жағдайларда;

16) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары (екінші деңгейдегі банктер белгілеген КЖ/ТҚҚ бойынша талаптарды сақтайтын екінші деңгейдегі банктердің еншілес ұйымдарын қоспағанда);

17) қаржы лизингі бойынша қызмет көрсететін тұлғалар;

18) Қазақстан Республикасының бейрезиденттері – Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты не тұрақты тұруға рұқсаты жоқ (Қазақстан Республикасының аумағында тұрмайтын) шетел азаматы;

19) қызметі қару, жарылғыш заттарды өндірумен және (немесе) сатумен байланысты тұлғалар;

20) қызметі бағалы металдарды, асыл тастарды не олардан жасалған бұйымдарды өндірумен және (немесе) өңдеумен, сондай-ақ сатып алу-сатумен байланысты тұлғалар;

21) Талаптардың 16-тармағында көрсетілген шет мемлекеттерде орналасқан (тіркелген) тұлғалар, сондай-ақ осындай тұлғалардың Қазақстан Республикасында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері;

22) қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаруды және олардың айналысын жүзеге асыратын тұлғалар;

23) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді шығаруды және олардың айналымын жүзеге асыратын тұлғалар кіреді.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Ұйым КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы заңның клиентті тиісті тексеру жөніндегі талаптарын іске асыру мақсатында клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін сәйкестендіру бағдарламасын әзірлейді.

Ұйым клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру кезінде клиент (оның өкілі) туралы мәліметтерді тіркеу және олардың дұрыстығын тексеру, бенефициарлық меншік иесін анықтау және ол туралы мәліметтерді тіркеу, іскерлік қатынастардың немесе біржолғы операцияның (мәміленің) болжамды мақсатын белгілеу және тіркеу, сондай-ақ клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы Талаптарда көзделген өзге де мәліметтерді алу және тіркеу жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

Клиенттің тәуекел деңгейіне қарай ұйым жүргізетін іс-шаралардың дәрежесі КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы заңның 5-бабының 7-тармағына сәйкес клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін стандартты, жеңілдетілген не күшейтілген сәйкестендіруді жүргізу арқылы клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті тексерудің жеңілдетілген не күшейтілген шараларын қолдануды білдіреді.

Бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру клиенттің бенефициарлық меншік иесінің жеке басын тексеру үшін тиісті (орынды) шаралар қабылдау, оның ішінде клиенттің түпкілікті бенефициарлық меншік иесі туралы қосымша мәліметтерді және (немесе) құжаттарды клиенттен сұрату жолымен жүзеге асырылады.

Бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі ұсынған мәліметтер қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелерінің тізілімінде көрсетілген мәліметтермен салыстырылады.

Клиентті (оның өкілін) тәуекел-сәйкестендіру мақсатында ұйым (ерікті негізде) скоринг модулін – әртүрлі деректер көзінен алынған ақпаратты қамтитын автоматтандырылған жүйені пайдаланады.";

мынадай мазмұндағы 21-1, 21-2, 21-3, 21-4, 21-5, 21-6, 21-7 және 21-8-тармақтармен толықтырылсын:

"21-1. Ұйым өзін құқыққа қарсы қызметке тартуға, КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ тәуекелі жоғары операцияларды, "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушылары болып табылмайтын, қызметі цифрлық активтер платформасын басқару бойынша қызмет көрсететін цифрлық активтер биржаларында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді одан әрі сатып алуға байланысты операцияларды, Қазақстан Республикасының аумағында операцияларды жүзеге асыруға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

21-2. Ұйым клиенттің ақшасын төлеу (немесе) аудару кезінде, егер төлем және (немесе) ақша аударымы:

"Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ойын бизнесін ұйымдастырушының пайдасына жүргізіліп жатса, оның ішінде қызметіне Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған шетелдік бизнесті ұйымдастырушының пайдасына жүргізілсе;

қызметі іскерлік қатынастарға түсу кезінде көрсетілген, мәлімделген қызметке сәйкес келмейтін қызмет көрсетушінің пайдасына жүргізілсе;

Ұйым көрсетілетін төлем қызметін берушімен, оның ішінде шетелдік көрсетілетін төлем қызметін берушімен өзара іс-қимыл шеңберінде бекіткен, төлем жасауға рұқсат етілген тауарлар/сервистер/қызметтер түрлерінің тізбесінен тыс жүзеге асырылса, төлемді және (немесе) ақша аударымын Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі құжаттарда белгіленген өлшемшарттарға сәйкес күдікті деп пайымдауға негіздер болған кезде оны бұғаттайды.

21-3. Ұйым әлеуетті клиент онымен іскерлік қарым-қатынас орнату кезінде шетелдік қызмет көрсетуші болып табылған жағдайда оған қатысты КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы заңның 5-бабының 7-тармағында көзделген тиісті тексеру бойынша күшейтілген шараларды қабылдайды.

21-4. Қызмет көрсетуші ұйыммен іскерлік қарым-қатынас орнату кезінде төлемдерді өз пайдасына қабылдауды ұйымдастыру үшін көрсетілетін қызмет туралы, оның ішінде төлемдер қабылдауды жоспарлап отырған қызмет түрлерінің толық тізбесін нақтылай отырып, анық ақпарат береді.

Егер қызмет көрсетуші шетелдік көрсетілетін төлем қызметін беруші болып табылса, ұйым қосымша мынадай шараларды:

1) шетелдік көрсетілетін төлем қызметін берушінің төлем қызметін көрсету құқығын растайтын, шетелдік көрсетілетін төлем қызметін беруші резиденті болып табылатын мемлекеттің тиісті органының рұқсат беру құжатының (лицензиясы, тіркеуі және т.б.) бар-жоғын тексереді;

2) ашық көздерден мәліметтер жинау арқылы шетелдік көрсетілетін төлем қызметін берушінің, оның ішінде оның құрылтайшылары мен басшыларының мінсіз іскерлік беделінің бар екенін тексереді;

3) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ мақсатында көрсетілетін төлем қызметін беруші, оның ішінде шетелдік көрсетілетін төлем қызметін беруші қабылдаған шараларды бағалайды;

4) ішкі құжаттарда көзделген өзге де шараларды қабылдайды.

21-5. Ұйым төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған төлемдерді өңдеу кезінде өзінің автоматтандырылған жүйесінде әрбір операцияның параметрлері туралы толық ақпаратты, оның ішінде мынадай ақпаратты:

1) Ұйымның жүйесі беретін транзакция сәйкестендіргішін;

2) операцияның күні мен уақытын;

3) оауда нүктесі санатының кодын (Merchant Category Code);

4) бірегей 12 таңбалы операцияны сәйкестендіргішті (Reference Retrieval Number немесе Receiver Reference Number) және өзге де техникалық деректемелерді;

5) қысқартусыз, сауда белгілерінсіз, екіұшты түсінуге жол беретін аббревиатуралар мен кодтарсыз Ұйымның атауын;

6) қысқартусыз, сауда белгілерінсіз, екіұшты түсінуге жол беретін аббревиатуралар мен кодтарсыз сауда орнының атауын; 7) операцияға үшінші тарап – көрсетілетін төлем қызметін беруші, оның ішінде шетелдік көрсетілетін төлем қызметін беруші қатысқан кезде олардың атауын қысқартусыз, сауда белгілерінсіз, екіұшты түсінуге жол беретін аббревиатуралар мен кодтарсыз қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

21-6. Электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалған операцияларды өңдеуді жүзеге асыратын ұйым өзінің автоматтандырылған жүйесінде электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалған әрбір операцияның параметрлері туралы толық ақпаратты, оның ішінде мынадай ақпаратты:

1) Электрондық ақша жүйесі ішіндегі транзакция сәйкестендіргішін;

2) Операцияның күні мен уақытын;

3) Жөнелтушінің және алушының электрондық әмияны туралы мәліметтерді (бірегей сәйкестендіргіш, иесінің сәйкестендіру мәртебесі);

4) Электрондық ақшаны жөнелтуші туралы мәліметтерді (болған жағдайда);

5) Электрондық ақшаны алушы туралы мәліметтерді;

6) Операцияны белгілеу кодын;

7) Есебіне электрондық ақша жүйесінде қызмет көрсетуші ретінде ұсынылмаған үшінші тұлғалардың қызметтерін төлеу үшін жөнелтушіден электрондық ақша аударымы жүзеге асырылатын көрсетілетін төлем қызметін берушінің (төлем делдалы), оның ішінде шетелдік көрсетілетін төлем қызметін берушінің атауын;

8) Электрондық ақшаны өтеу туралы мәліметтерді (банк, банк шотының/төлем карточкасының нөмірі) қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Электрондық ақша жүйесінде қызмет көрсетуші ретінде ұсынылмаған үшінші тұлғалардың қызметтеріне ақы төлегені үшін жөнелтушіден көрсетілетін төлем қызметін берушінің (төлем делдалының), оның ішінде шетелдік көрсетілетін төлем қызметін берушінің есебіне ақша аударымын жүзеге асыру кезінде Ұйым төлем құжатында (чекте, түбіртекте, толық ақпарат берілетін құжатта) операцияға қатысушылардың толық тізбегінің көрсетілуін қамтамасыз етуге міндетті.

21-7. Ұйым шетелдік көрсетілетін төлем қызметін берушілермен (төлем делдалымен) өзара іс-қимыл шеңберінде оның есебіне үшінші тұлғалардың тауарлары/сервистері/қызметтері үшін төлемдерді қабылдау кезінде ұйым жасалатын шартқа қосымша түрінде төлеуге болатын тауарлар/сервистер/қызметтер түрлерінің тізбесін белгілейді.

Қосымшада мыналар:

1) шарт шеңберінде төлеуге болатын тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің түрлері (ЭҚЖЖ/санаттарын көрсете отырып);

2) сату жүзеге асырылатын платформалардың немесе сайттардың атаулары;

3) төлеуге тыйым салынған санаттар тізбесі (жеке бөлімде);

4) қаражат қабылданатын сауда орындарының сәйкестендіргіштері немесе кодтары туралы ақпарат болады.

Көрсетілетін төлем қызметін беруші (төлем делдалы), оның ішінде шетелдік көрсетілетін төлем қызметін беруші ұйым бекіткен, төлемге жол берілетін тауарлар/сервистер/ қызметтер түрлерінің тізбесі бойынша төлемдерді қабылдау жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда Ұйым осы көрсетілетін төлем қызметін берушімен (төлем делдалымен) іскерлік қатынастарды тоқтата тұру жөнінде дереу шаралар қабылдайды.

21-8. Электрондық ақша жүйесінің операторы болып табылатын ұйым бір электрондық ақша жүйесінің шеңберінде бір электрондық ақшаның иесіне үштен аспайтын электрондық әмиян ашуға мүмкіндік береді.

Ұйым бір электрондық ақша жүйесінің шеңберінде екі және одан да көп электрондық әмиянның иесі – клиенттердің операцияларына күшейтілген мониторинг жүргізу жөнінде шаралар қабылдайды."

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі Басқармасының өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір қаулыларының тізбесіне
1-қосымша
Көрсетілетін төлем қызметтері
туралы мәліметтер
беру қағидаларына
8-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында
орналастырылған

Процессинг орталығы және басқа банктермен өзара іс-әрекеті туралы мәліметтер

Әкімшілік деректер нысанының индексы: 8-РК

Кезеңділік: осы нысан талаптарының бірі өзгерген жағдайда

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ үшін

Ұсынатын тұлғалар тобы: төлем карточкаларының эмитенттері және (немесе)
эквайерлер болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Ұсыну мерзімі: осы нысан талаптарының бірі өзгерген күннен бастап он жұмыс
күні ішінде.

Нысан

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Процессинг орталығының атауы	Операциялар процессинг орталығында өңделетін төлем карточкалары жүйелерінің атауы	H2H байланыс арнасын пайдалану шарты жасалған контрагенттің атауы	Операциялар H2H байланыс арнасын пайдалану шеңберінде өңделетін төлем карточкалары жүйелерінің атауы
1	2	3	4

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

**"Процессинг орталығы және басқа банктермен өзара іс-әрекеті туралы мәліметтер"
әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индекс:8-РК
, кезеңділік осы нысан талаптарының бірі өзгерген жағдайда)**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Процессинг орталығы және басқа банктермен өзара іс-әрекеті туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан осы нысан талаптарының бірі өзгерген жағдайда төлем карточкаларының эмитенттері және (немесе) эквайерлер болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер дайындайды.

4. Нысанға бірінші басшы немесе немесе қол қоюға уәкілетті тұлға және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыруды түсіндіру

5. 1-бағанда банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым қызметін пайдаланатын процессинг орталығының атауы көрсетіледі. Меншікті процессингті пайдаланған жағдайда, есеп беретін банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атауы көрсетіледі.

6. 2-бағанда операциялары процессинг орталығында өңделетін төлем карточкалары жүйелерінің атауы көрсетіледі.

7. 3-бағанда есеп беретін банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым Н2Н байланыс арнасын пайдалануға шарт жасаған контрагенттің атауы көрсетіледі.

8. 4-бағанда операциялары Н2Н байланыс арнасын пайдалану шеңберінде өңделетін төлем карточкалары жүйелерінің атауы көрсетіледі.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің және электрондық ақша иелерінің саны туралы мәліметтер

Әкімшілік деректер нысанының индексы: 9-РК

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ үшін

Ұсынатын тұлғалар тобы: электрондық ақша эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Электрондық ақша жүйесінің атауы	Электрондық ақша эмитенті агенттерінің саны		Электрондық ақша эмитенті қосалқы агенттерінің саны	
	Барлығы	Белсенді	Барлығы	Белсенді
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Электрондық ақша иелері-жеке тұлғалардың саны			Электрондық ақшаны ақы төлеуге қабыл дайтын дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың саны	
Барлығы	Белсенді	Сәйкестендірілген	Барлығы	Белсенді
6	7	8	9	10

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны
20 __ жылғы " ____ " _____

Электрондық ақша
эмитенті агенттерінің
және қосалқы агенттерінің
және электрондық ақша
иелерінің саны туралы
мәліметтер нысанына
қосымша

"Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің және электрондық ақша иелерінің саны туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индекс: 9-РК, кезеңділік тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің және электрондық ақша иелерінің саны туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан әр тоқсан сайын электрондық ақша эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер дайындайды және есепті кезеңнің соңында толтырады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе немесе қол қоюға уәкілетті тұлға және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыруды түсіндіру

5. 1-бағанда мәліметтер ұсынылатын электрондық ақша жүйесінің атауы көрсетіледі

6. 2-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніндегі электрондық ақша эмитенті агенттерінің саны көрсетіледі.

7. 3-бағанда есепті тоқсан ішінде электрондық ақшаны сатып алуды немесе өткізуді жүзеге асырған электрондық ақша эмитенті агенттерінің саны көрсетіледі.

8. 4-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніндегі электрондық ақша эмитенті қосалқы агенттерінің саны көрсетіледі.

9. 5-бағанда есепті тоқсан ішінде электрондық ақшаны сатып алуды немесе өткізуді жүзеге асырған электрондық ақша эмитенті қосалқы агенттерінің саны көрсетіледі.

10. 6-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніндегі электрондық ақша иелері - жеке тұлғалардың саны көрсетіледі.

11. 7-бағанда есепті тоқсанда электрондық ақшамен операциялар жүргізген электрондық ақша иелері - жеке тұлғалардың саны көрсетіледі.

12. 8-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніндегі электрондық ақша эмитенті сәйкестендірген электрондық ақша иелері - жеке тұлғалардың саны көрсетіледі.

13. 9-бағанда есепті тоқсанның соңғы күніндегі электрондық ақшаны төлем жасауға қабылдайтын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың саны көрсетіледі.

14. 10-бағанда есепті тоқсанда электрондық ақшамен операциялар жүргізілген электрондық ақшаны төлем жасауға қабылдайтын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың саны көрсетіледі.

15. 9 және 10-бағандарда электрондық ақшаны төлем жасауға қабылдайтын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар деп мәліметтерді беретін эмитентпен немесе тиісті электрондық ақша жүйесінің өзге қатысушысымен шарт жасаған дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар түсініледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі Басқармасының өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір қаулыларының тізбесіне
3-қосымша
Көрсетілетін төлем қызметтері
туралы мәліметтер
беру қағидаларына
10-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер

Әкімшілік деректер нысанының индексы: 10-РК

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ үшін

Ұсынатын тұлғалар тобы: электрондық ақша эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Электрондық ақша жүйесінің атауы	Операция жүргізу ортасы	Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялар			
		Жеке тұлғалардың пайдасына		Дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың пайдасына	
		Операциялар саны	Сомасы (теңге)	Операциялар саны	Сомасы (теңге)
1	2	3	4	5	6

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

20 ____ жылғы " ____ " _____

Электрондық ақшаны
пайдалана отырып
жүргізілген операциялардың
саны мен көлемі
туралы мәліметтер нысанына
қосымша

"Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индекс:10-РК, кезеңділік тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

- Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.
- Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.
- Нысан әр тоқсан сайын электрондық ақша эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер дайындайды және есепті кезеңнің соңында толтырады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе немесе қол қоюға уәкілетті тұлға және орындаушы қол қояды.

5. Нысан теңгемен толтырылады. Егер операция шетел валютасымен жүргізілсе, ондағы мәліметтер операция жүргізілген күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеліп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыруды түсіндіру

6. 1-бағанда мәліметтер ұсынылатын электрондық ақша жүйесінің атауы көрсетіледі

7. 2-бағанда операция жүргізу ортасы - электрондық терминалдың немесе қашықтан кіру жүйесінің атауы көрсетіледі.

8. 3 және 4-бағандарда жеке тұлғалардың есепті тоқсанда электрондық ақшаны пайдалана отырып жеке тұлғалардың пайдасына жүргізілген операцияларының саны және сомасы көрсетіледі.

9. 5 және 6-бағандарда жеке тұлғалардың есепті тоқсанда электрондық ақшаны пайдалана отырып дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың пайдасына жүргізілген операцияларының саны және сомасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі Басқармасының өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір қаулыларының тізбесіне
4-қосымша
Көрсетілетін төлем қызметтері
туралы мәліметтер
беру қағидаларына
11-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Айналыстағы электрондық ақшаның саны туралы және электрондық ақшаны шығару мен өтеу бойынша операциялардың саны және көлемі туралы мәліметтер

Әкімшілік деректер нысанының индексы: 11-РК

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ үшін

Ұсынатын тұлғалар тобы: электрондық ақша эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Электрондық ақша иелері	Электрондық ақша жүйесінің атауы	Айналыстағы электрондық ақшаның барлығы (теңге)	Электрондық ақшаны шығару		Электрондық ақшаны өтеу	
			Операциялар саны	Сомасы (теңге)	Операциялар саны	Сомасы (теңге)
1	2	3	4	5	6	7
Электрондық ақша эмитентінің агенттері						
Электрондық ақша эмитентінің қосалқы агенттері						
Жекелі тұлғалар						
Дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар						

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны
Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

20 __ жылғы " ____ " _____

Айналыстағы электрондық ақшаның саны туралы және электрондық ақшаны шығару мен өтеу бойынша операциялардың саны және көлемі туралы мәліметтернысанына қосымша

"Айналыстағы электрондық ақшаның саны туралы және электрондық ақшаны шығару мен өтеу бойынша операциялардың саны және көлемі туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді

жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индекс: 11-РК, кезеңділік тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Айналыстағы электрондық ақшаның саны туралы және электрондық ақшаны шығару мен өтеу бойынша операциялардың саны және көлемі туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан әр тоқсан сайын электрондық ақша эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер дайындайды және есепті кезеңнің соңында толтырады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе немесе қол қоюға уәкілетті тұлға және орындаушы қол қояды.

5. Нысан теңгемен толтырылады. Егер операция шетел валютасымен жүргізілсе, ондағы мәліметтер операция жүргізілген күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеліп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыруды түсіндіру

6. 2-бағанда мәліметтер ұсынылатын электрондық ақша жүйесінің атауы көрсетіледі.

7. 3-бағанда есепті тоқсанның соңғы күнінде айналыстағы электрондық ақшаның сомасы көрсетіледі.

3-баған есепті тоқсанның соңғы күні электрондық ақшаның иесі кім болғанына байланысты электрондық ақша эмитентінің агенттері, электрондық ақша эмитентінің қосалқы агенттері, жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бойынша толтырылады.

8. 4 және 5-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақшаны шығару бойынша жүргізілген операцияларының саны және сомасы көрсетіледі.

4 және 5-бағандар электрондық ақшаның кімге берілгеніне байланысты электрондық ақша эмитентінің агенттері, электрондық ақша эмитентінің қосалқы агенттері және жеке тұлғалар бойынша толтырылады.

4 және 5-бағандар дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бойынша толтырылмайды.

9. 6 және 7-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақшаны өтеу бойынша жүргізілген операцияларының саны және сомасы көрсетіледі.

6 және 7-бағандар электрондық ақшаны өтеу сәтіне олардың иесі кім болғанына байланысты электрондық ақша эмитентінің агенттері, электрондық ақша эмитентінің

қосалқы агенттері, жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бойынша толтырылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі Басқармасының өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір қаулыларының тізбесіне
5-қосымша
Көрсетілетін төлем қызметтері
туралы мәліметтер
беру қағидаларына
12-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны иемдену және өткізу бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер

Әкімшілік деректер нысанының индексы: 12-РК
Кезеңділік: тоқсан сайын
Есепті кезең: 20__ жылғы _____ үшін
Ұсынатын тұлғалар тобы: электрондық ақша эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:
1) банктер;
2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.
Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан _____
нысанды ұсынатын тұлғаның атауы _____

Электрондық ақша жүйесінің атауы	Электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны өткізуі		Электрондық ақша эмитенті қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны өткізуі		Электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны иемденуі		Электрондық ақша эмитенті қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны иемденуі	
	Операциялар саны	Сомасы (теңге)	Операциялар саны	Сомасы (теңге)	Операциялар саны	Сомасы (теңге)	Операциялар саны	Сомасы (теңге)
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Атауы _____ Мекенжайы _____
Телефон _____
Электрондық пошта _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

20 __ жылғы " ____ " _____

Электрондық ақша эмитенті
агенттерінің және қосалқы
агенттерінің электрондық
ақшаны иемдену және өткізу
бойынша операциялардың
саны мен көлемі туралы
мәліметтер нысанына
қосымша

"Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны иемдену және өткізу бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индекс: 12-РК, кезеңділік тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны иемдену және өткізу бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан әр тоқсан сайын электрондық ақша эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер дайындайды және есепті кезеңнің соңында толтырады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе немесе қол қоюға уәкілетті тұлға және орындаушы қол қояды.

5. Нысан теңгемен толтырылады. Егер операция шетел валютасымен жүргізілсе, ондағы мәліметтер операция жүргізілген күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеліп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыруды түсіндіру

6. 1-бағанда ақпарат ұсынылатын электрондық ақша жүйесінің атауы көрсетіледі.

7. 2 және 3-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны жеке тұлғаларға өткізуі бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

8. 4 және 5-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақша эмитенті қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны жеке тұлғаларға өткізуі бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

9. 6 және 7-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақша эмитенті агенттерінің электрондық ақшаны жеке тұлғалардан иемденуі бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

10. 8 және 9-бағандарда есепті тоқсанда электрондық ақша эмитенті қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны жеке тұлғалардан иемденуі бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі Басқармасының өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір қаулыларының тізбесіне
6-қосымша
Көрсетілетін төлем қызметтері
туралы мәліметтер
беру қағидаларына
15-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Төлем ұйымдары жүзеге асыратын операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер

Әкімшілік деректер нысанының индексы: 1-РО

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ үшін

Ұсынатын тұлғалар тобы: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Көрсетілетін төлем қызметінің түрі	Төлем түрі	Нұсқауды қабылдау ортасы	Электрондық ақша жүйесінің немесе төлем карточкалары жүйесінің атауы	Электрондық ақша немесе төлем карточкасы эмитентінің атауы
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Операциялар саны (бірлігі)	Операциялар сомасы (мың теңге)	Көрсетілетін төлем қызметі бойынша агенттер/ қосалқы агенттер саны	Төлем агенттерінің/ қосалқы агенттерінің жалпы саны
6	7	8	9

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

20 ____ жылғы " ____ " _____

Төлем ұйымдары жүзеге асыратын
операциялардың саны мен көлемі
туралы мәліметтер нысанына
қосымша

"Төлем ұйымдары жүзеге асыратын операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индекс: 1-РО, кезеңділік тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Төлем ұйымдары жүзеге асыратын операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды әр тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары дайындайды және есепті кезеңнің соңында толтырады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе немесе қол қоюға уәкілетті тұлға және орындаушы қол қояды.

5. Нысан теңгемен толтырылады. Егер операция шетел валютасымен жүргізілсе, ондағы мәліметтер операция жүргізілген күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеліп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыруды түсіндіру

6. Нысан төлем ұйымдары жүзеге асыратын операциялар бойынша мәліметтерді қамтиды.

7. 1-бағанда көрсетілетін төлем қызметінің түрі көрсетіледі.

8. 2 және 3-бағандар төлемдер қабылданған және өңделген жағдайда, оның ішінде ақша жөнелтушінің банктік шотты ашпай төлемді жүзеге асыру үшін клиенттерден қолма-қол ақшаны қабылдау кезінде, электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалатын төлемдерді клиенттерден қабылдау және өңдеу кезінде, электрондық нысандағы клиент бастамашы болған төлемдерді өңдеу (бұдан әрі - төлемдерді қабылдау) кезінде толтырылады.

2-бағанда төлемнің түрі көрсетіледі.

3-бағанда нұсқауды қабылдау ортасы көрсетіледі.

9. 4 және 5-бағандар электрондық ақша және төлем карточкалары өткізілген (таратылған) жағдайда толтырылады.

4-бағанда электрондық ақша жүйесінің немесе төлем карточкалары жүйесінің атауы көрсетіледі.

5-бағанда электрондық ақша немесе төлем карточкасы эмитентінің атауы көрсетіледі.

10. 6 және 7-бағандарда операциялар саны және сомасы көрсетіледі:

1) төлемдер қабылданған жағдайда қабылданған және өңделген төлемдердің саны және сомасы көрсетіледі;

2) төлем карточкалары өткізілген (таратылған) жағдайда 6-бағанда өткізілген (таратылған) төлем карточкаларының саны көрсетіледі, 7-бағанда өткізілген төлем карточкаларының сомасы көрсетіледі;

3) электрондық ақша өткізілген (таратылған) жағдайда 6-баған толтырылмайды, 7-бағанда өткізілген (таратылған) электрондық ақша сомасы көрсетіледі.

11. 8-бағанда көрсетілетін төлем қызметтерін көрсету бойынша агенттік шарттар жасаған төлем ұйымының төлем агенттерінің саны, "/" белгісі арқылы төлем агенттерімен көрсетілетін төлем қызметтерін көрсету бойынша агенттік шарттар жасаған төлем ұйымының қосалқы төлем агенттерінің саны көрсетіледі. Төлем ұйымы көрсетілетін төлем қызметтерін өз бетінше көрсеткен жағдайда, "0" белгісі көрсетіледі.

8-бағанды толтыру кезінде 1-бағанда көрсетілетін төлем қызметінің түрі көрсетіледі. 8-бағанда әрбір көрсетілетін төлем қызметі бойынша осындай қызмет көрсететін төлем агенттерінің және қосалқы агенттердің саны көрсетіледі. 1-бағанда "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген төлем қызметінің түрі көрсетілген жағдайда 8-бағанда "0" белгісі көрсетіледі.

12. 9-бағанда көрсетілетін төлем қызметтерін көрсету бойынша агенттік шарттар жасаған төлем ұйымының төлем агенттерінің саны, "/" белгісі арқылы төлем агенттерімен көрсетілетін төлем қызметтерін көрсету бойынша агенттік шарттар жасаған төлем ұйымының қосалқы төлем агенттерінің саны көрсетіледі.

Төлем ұйымының төлем агенттері мен қосалқы агенттерінің жалпы саны 1-жолдың 9-бағанында көрсетіледі, 9-бағандағы қалған жолдар толтырылмайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі Басқармасының өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір қаулыларының тізбесіне
7-қосымша
Көрсетілетін төлем қызметтері
туралы мәліметтер беру
қағидаларына
16-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған әкімшілік нысанның атауы: Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бағытында қабылданған шаралар бойынша мәліметтер

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 2-РО

Кезеңділігі: жарты жыл сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті жарты жылдан кейінгі айдың оныншы күнінен (қоса алғанда) кешіктірмей, жарты жыл сайын. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электронды түрде

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның негізгі бөлігі

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бағытында қабылданған шаралар бойынша мәліметтер

--	--	--	--

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бағытында қабылданған шаралар	Саны	Күні (кк.аа.жжжж.)	Күдікті операциялар белгілерінің коды
1	2	3	4

кестенің жалғасы

Операцияны жүргізуден бас тарту негізі	Қаржылық мониторинг бойынша уәкілетті органның шешімі	Төлем қызметінің түрі	Төлем түрі
5	6	7	8

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бағытында қабылданған шаралар бойынша мәлімет" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанға қосымша

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бағытында қабылданған шаралар бойынша мәлімет" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі: 2-РО; кезеңділігі: жартыжылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде (бұдан әрі – Түсіндірме) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бағытында қабылданған шаралар бойынша мәлімет" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға

арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды жартыжылдық негізде Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары дайындайды және есепті жартыжылдық үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (бұдан әрі – КЖТҚҚ) бағытында қабылданған шаралар бойынша толтырады.

Есепті жартыжылдық үшін КЖТҚҚ бағытында қабылданған шаралар болмаған жағдайда нысан толтырылмаған бағандармен ұсынылады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан КЖТҚҚ бағытында төлем ұйымы қабылдаған шаралар бойынша мәліметтерді қамтиды.

6. 1-бағанда КЖТҚҚ бағытындағы мынадай шаралар:

1) күдікті операцияларды анықтау және қаржылық мониторинг бойынша уәкілетті органға олар бойынша хабар жолдау;

2) клиенттердің операцияларын жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылдау;

3) ұйымның көрсетілетін қызметтерінің (өнімдерінің) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру тәуекелдеріне ұшырау дәрежесіне бағалау жүргізу;

4) қызметкерлерді КЖТҚҚ мәселелері бойынша дайындау және оқыту көрсетіледі.

7. Түсіндірменің 6-тармағының 1) тармақшасында көзделген шара туралы мәліметтерді толтырған кезде:

1) 2-бағанда күдікті операциялардың саны көрсетіледі;

2-бағанда басқа толтырылған бағандардағы параметрлердің сәйкестігін ескере отырып, деректерді сан белгісі бойынша топтастыру жүзеге асырылады.

2) 3-бағанда күдікті операция жүргізілген күні көрсетіледі;

3) 4-бағанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 1484 қаулысымен бекітілген күдікті операцияны айқындау белгілеріне сәйкес күдікті операция белгісінің коды көрсетіледі;

4) 5-баған толтырылмайды;

5) 6-бағанда жіберілген хабарды қарау қорытындылары бойынша қаржылық мониторинг бойынша уәкілетті органның шешімі көрсетіледі;

Қаржылық мониторинг бойынша уәкілетті орган шешімді ұсынбаған жағдайда баған толтырылмайды.

6) 7-бағанда төлем қызметін көрсету шеңберінде төлем қызметінің күдікті операция анықталған түрі көрсетіледі;

7) 8-бағанда төлем жүргізу шеңберінде күдікті операция анықталған төлем түрі көрсетіледі.

8. Түсіндірменің 6-тармағының 2) тармақшасында көзделген шара туралы мәліметтерді толтырған кезде:

1) 2-бағанда клиенттердің операцияларын жүргізуден бас тарту туралы қабылданған шешім саны көрсетіледі;

2-бағанда басқа толтырылған бағандардағы параметрлердің сәйкестігін ескере отырып, деректерді сан белгісі бойынша топтастыру жүзеге асырылады.

2) 3-бағанда клиенттердің операцияларын жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылданған күні көрсетіледі;

3) 4-баған толтырылмайды;

4) 5-бағанда клиенттердің операцияларын жүргізуден бас тарту туралы қабылданған шешімнің негізі көрсетіледі;

5) 6-баған толтырылмайды;

6) 7-бағанда төлем қызметін көрсету шеңберінде клиенттердің операцияларын жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылданған төлем қызметінің түрі көрсетіледі;

7) 8-бағанда төлем жүргізу шеңберінде клиенттердің операцияларын жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылданған төлем түрі көрсетіледі.

9. Түсіндірменің 6-тармағының 3) тармақшасында көзделген шара туралы мәліметтерді толтырған кезде:

1) 2-баған толтырылмайды;

2) 3-бағанда ұйымның көрсетілетін қызметтерінің (өнімдерінің) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру тәуекелдеріне ұшырау дәрежесіне жыл сайынғы бағалау жүргізу қорытындылары бойынша төлем ұйымы ресімдеген құжаттың нөмірі (бар болса) және күні көрсетіледі;

3) 4, 5 және 6-бағандар толтырылмайды;

4) 7-бағанда жүргізілген бағалау шеңберінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру тәуекелінің неғұрлым жоғары деңгейі берілген төлем қызметінің түрі көрсетіледі;

5) 8-бағанда жүргізілген бағалау шеңберінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру тәуекелінің неғұрлым жоғары деңгейі берілген төлем түрі көрсетіледі.

Клиентте рдің түрі	Резидент тігі		Тәуекел д енгейі тө мен клие	Тәуекел д енгейі жо ғары кли	Клиентті ң тәуекел денгейін жоғарыла	Клиентте рдің тәуе кел деңге йі төменд	Іскерлік қ атынаста рды орна тудан бас	Іскерлік қ атынаста рды тоқт ата тұру	Іскерлік қ атынаста рды тоқт
-----------------------	------------------	--	------------------------------------	------------------------------------	---	---	---	--	------------------------------------

		Клиенттердің жалпы саны	ттер саны	енттер саны	ту жағдайларының саны	еген жағдайлардың саны	тарту жағдайларын саны	жағдайларының саны	ату жағдайларының саны
Заңды тұлғалар	Қазақстан Республикасының резиденті								
	Қазақстан Республикасының бейрезиденті								
Жеке тұлғалар	Қазақстан Республикасының резиденті								
	Қазақстан Республикасының бейрезиденті								
Дара кәсіпкерлер	Қазақстан Республикасының резиденті								

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

"Клиенттерге берілген тәуекел деңгейі бойынша мәліметтер"
әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысанға
қосымша

"Клиенттерге берілген тәуекел деңгейі бойынша мәліметтер" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі: 5-РО; кезеңділігі: жартыжылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Клиенттерге берілген тәуекел деңгейі бойынша мәліметтер" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары жартыжылдық негізде жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады.

4. Нысанға бірінші басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан клиенттердің (жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің) жалпы саны, клиенттің резиденттік түрі, клиенттерге берілген тәуекел деңгейлері, іскерлік қатынастарды тоқтата тұру, тоқтату саны, клиенттердің тәуекел деңгейін жоғарылату/төмендету саны бойынша мәліметтерді қамтиды.

6. 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-бағандарда бағанның өлшемшарттарына сәйкес келетін клиенттердің саны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі Басқармасының өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір қаулыларының тізбесіне
9-қосымша
Төлем ұйымдарының қызметін
ұйымдастыру қағидаларына
3-қосымша

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ		РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"
[Уәкілетті органның деректемелері мемлекеттік тілде]		[Уәкілетті органның деректемелері орыс тілінде]
[шешім нөмірі] [шешім шығару күні]		[Көрсетілетін қызметті алушының атауы] [Көрсетілетін қызметті алушының деректемелері]

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі "Төлемдер және төлем жүйелері туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 4-тармағына сәйкес өтінішті

көрсетілетін қызметті алушының атауы

және қоса берілген құжаттарды қарау қорытындысы бойынша төлем ұйымы

көрсетілетін қызметті алушының атауы

ретінде есептік тіркеуден өткені, № _____ есептік нөмір және төлем
ұйымдарының тізіліміне жазба берілгені туралы хабарлайды.

"Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-
бабының 4-тармағына сәйкес төлем ұйымы

көрсетілетін қызметті алушының атауы

мынадай төлем қызметтерін көрсетеді:

_____ ;

_____ ;

[Қол қоюшының лауазымы]

[Қол қоюшының аты-жөні]